

ЖАҢАЛЫҚТАР

Қырғызстанда Қамшыбек Ташиевке үкім шықты

2 шілде 2026 жыл, 20:41



Қамшыбек Ташиев

2 шілдеде Қырғызстан Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік комитетінің (ҰҚМК) бұрынғы басшысы Қамшыбек Ташиевке үкім шығып, оған төрт жылға пробациялық бақылау орнатылды әрі мүлкі тәркіленеді.

Ташиев билікті күшпен басып алуға дайындалды және билігін асыра пайдаланды деп айыпталған еді.

Ташиевпен бірге айыпталған бұрынғы бас прокурор Курманкул Зулушев, қырғыз парламентінің экс-спикері Нұрланбек Тұргынбекұлы және Ташиевтің жақтастары Бекболат Талғарбеков, Аалы Қарашев, Эмиль Ұзақбаев, Курсан Асанов, Құрманбек Диқанбаев та төрт жыл пробациялық бақылауда болады.

Судья айыпталушылардың барлығын төрт жылға түрме жазасына кесіп, кейін пробациямен бостандықта қалдырды. Егер айыпталушылар пробация талаптарын бұзса қамауға алынады.

Бұған дейін прокурор барлық айыпталушыларды 9 жылға соттауды сұраған еді.

Қырғызстан президенті Садыр Жапаровтың жақын серігі әрі досы болған Ташиев бес жыл бойы елдегі екінші ықпалды адам саналған.

ІСКЕ ТҮРТКІ БОЛҒАН "75-ТІҢ ХАТЫ"

Бұл қылмыстық іске "75 ақсақалдың хаты" себеп болған. Ақпанның басында саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері, барлығы 75 адам президент Жапаров пен сол кездегі парламент спикері Нұрланбек Тұргынбекұлына қайырылып, кезектен тыс президент сайлауын өткізуді сұраған. Хаттан кейін ертеңінде Ташиев қызметтен алынған. Сол кезде Ташиев Германияда емделіп жатқан еді.

Ташиев пен басқа да айыпталушылар өздеріне тағылған айыпты жоққа шығарады. Ол ҰҚМК басшысы болып тұрғанда Жапаровты қолдап, президенттікке түспейтінін айтқан.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Қырғызстанда прокурор соттан Қамшыбек Ташиевті тоғыз жылға түрме жабуды сұрады
- Қырғызстанда сотқа жеткен Қамшыбек Ташиевтің ісін құпия қылды
- "Билікті күштеп басып алу" және "асыра пайдалану". Ташиевке екі ауыр айып тағылды
- Қырғызстанда Ташиев отбасына жымқыру айыбы тағылды. Билік бұған дейінгі үнсіздігін қалай түсіндірді?